

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Философия және саясаттану факультеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы**

«5B020600- Дінтану» мамандығы білім беру бағдарламасы

«Діни антропология

» пәні бойынша қорытынды баға беруге арналған

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

2020-2021 оқу жылының көктемгі семестрі, 3 курс
5 кредит

\

2021 ж

«Діни антропология» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырушы оқытушы Борбасова Қ.М.

Қорытынды емтихан бағдарламасы Дінтану және мәдениеттану кафедра мәжілісінде қаралды және мақұлданды

Хаттама № _____ «_____» _____

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының
меңгерушісі _____

Құрманалиева А.Д.

КІРІСПЕ

Курстың мақсаты студенттердің діни мәселелерге байланысты негізгі теориялық және әдіснамалық ұстанымдарын қалыптастырып, діни антропологияның негізгі категориялық аппаратын түсіндіру.

Емтиханға дайындық кезінде курстың негізгі теориялық мазмұнын қайталауы қажет.

Қашықтықтан оқытуға байланысты бұл пәннен «univer» жүйесінде тест сұрақтары дайындалды.

Жалпы тест тапсырмасы 300 сұрақтан тұрады, бір тест сұрағына 5,6,7,8, жауап нұсқасы оның ішінде 1,2,3 дұрыс жауап берілген.

Мысалы:

V1	Людвиг Витгенштейн бойынша діннің адам үшін атқаратын қызметі:
1	Ерекше «өмір сүру формасы»
0	Эзистенциалдық бастама
0	Өмір сүру әдісі
0	Ерекше «өлім формасы»
0	Трансценденттілікке бейімделу әдісі
0	Өзінің күнәсін жуу жолы
0	Білім алу әдісі

V2	Жайнизм бойынша жанға тән қасиеттер:
1	Ол мәңгі, сонымен қатар өзгерістерге ұшырайды
1	Белсенділік танытып, рақат пен азапқа бөленеді
0	Мүлтіксіз таным, мүлтіксіз білім және мүлтіксіз тәртіп
0	Әлемнің шексіз қабылдауына ие
0	Туа біткен білімге ие
0	Қазіргі өмірде және болашақта өз өмірі үшін жауапты
0	Ол денеден мүлтіксіз және күдіретті санаға ие

V3	Ислам бойынша адам жанының сипаты
1	адамда бір жан бар, оны Құдай берген, ол мейірімді істерге жетелейді
1	адамда бір жан бар, оны Құдай берген, әділ өмірге жетелейді
1	Адам құлшылық ету үшін жаратылған
0	адам тәні күнәнің тұрағы, ол зұлымдыққа жетелейді
0	адам жаны, әлемдік жанның бөлшегі сондықтан ол мәңгілік
0	адам тәні бір тәннен екінші тәнге ауысады
0	адамда бір жан бар, оны Құдай берген, ол әділдікке, мейірімділікке ұмтылады және мәңгі өмір сүруге жетелейді
0	адамда екі жан бар- бұ дүниелік және о дүниелік, бұ дүниелік жан – адам тәнін басқарып , күнәға апарады, ал о дүниелік - адамға рух беріп, Құдайға жетелейді

Тестілеудің өтуін бақылау – онлайн прокторинг.

Прокторинг технологиясы (ағылш. "proctor" – емтихан барысын бақылау). Прокторлар аудиториядағы әдеттегі емтихандағы сияқты, емтихан тапсырушылардың сынақтардан адал өтуін бақылайды: тапсырмаларды өз бетінше орындауы және қосымша материалдарды пайдаланбауын бақылайды.

Сол үшін осы сабақтан қорытынды емтиханды универ жүйесінде тапсырған кезде Сізде камера болу шарт.

Веб-камера бойынша нақты уақытта өтіп жатқан онлайн-емтиханды маман (көзбе-көз прокторинг), немесе сыналушының жұмыс үстелін, кадрдағы тұлғалар санын, бөгде дыбыстар немесе дауыстар және тіпті көзқарас қозғалысын бақылайтын бағдарлама (киберпрокторинг). Аралас прокторинг түрі жиі қолданылады: бағдарламаның ескертулері бар емтиханның бейнежазбасын адам қосымша қарап шығады және бұзушылықтардың шын мәнінде орын алғаны жөнінде шешім қабылдайды.

Ұзақтығы

– **Univer** – 90 минут 40 сұраққа,

– тест сұрақтарының саны 300

– бағалау- әрбір дұрыс сұрақ 2балл.

3 дұрыс варианттан 2 жауап дұрыс болғанда 1 балл

3 дұрыс варианттан 1 жауап дұрыс болғанда 0 балл

МАҢЫЗДЫ – студенттер емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын прокторинг бойынша нұсқаулық талаптарына сәйкес емтиханға дайындалуы тиіс.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ!!! Тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

Емтихан сұрақтары

Сұрақтар мазмұны силлабустағы барлық тақырыпты және тапсырмалар түрлерін қамтиды: дәрістер мен семинарлар зертханалық сабақтар тақырыптары, сонымен қатар студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмаларды.

1. Діни антопология пәні, методы және қызметі.
2. Діни антропологияның негізгі мәселелері мен принциптері.
3. Діни антропологияның негізгі бағыттары және аспектілері.
4. Ежелгі түркілердің дүниетанымындағы Тәңір мен адам қарым-қатынасы мәселесі.
5. Зароастризмдегі Құдайдың екі түрлі бастамасы және адам ұғымы, діни этикалық ілімі.
6. Зароастризмнің тарихи төрт кезеңі
7. Иудаизмдегі адамның мәні және мақсаты.

8. Көне өсиет адам өмірінің табиғаты туралы.
9. Көне өсиеттегі жаратушымен адамның қарым-қатынасы.
10. Иудаизмдегі күнә, тәубе және адамның өлімі
11. Даосизмдегі адам мәселесіндегі сыртқы және ішкі дүние арақатынасы.
12. Конфуций іліміндегі адамдық қасиет және мораль ұғымы
13. Конфуций және Дао іліміндегі антрополия мәселесінің айырмашылықтары және ұқсас мәселесі.
14. Индуизмдегі адам мен оның өмірінің мәні, Құдайға құлшылық жолдары
15. Жайнизм адам және оның өмірінің табиғаты туралы
16. Сикхизм жаратушы және оның адамға қатынасы
17. Буддизмдегі ақиқат ілімі және құдай мәселесі
18. Теравададағы философиялық және антропологиялық мәселелер
19. Буддизм философиясындағы «сегіз жол» ұғымы мен мәні
20. Буддизмдегі архат- мінсіз тұлға сипаты
21. Буддизм адам табиғаты және оның тағдыры туралы
22. Буддизм жанның мәңгілігі және адамның рухани дамуы туралы.
23. Византиялық теологиядағы адам туралы ілім: Немесий Эмесский, Иоанн Златоуст, Максим Исповедник, Иоанн Дамаскин.
24. Аскеттік антропология.
25. Шығыс христиан мистицизмінің антропологиялық мазмұны. Григорий Палама антропологиясы.
26. Православие антропологиясындағы өлім мен мәңгілік мәселесі
27. Орыс православиелік теологиясында адам туралы ілім.
28. Ортағасырлық католик теологиясы мен философиясындағы адам туралы ілімдер.
29. Фома Аквинскийдің антропологиясы. Бонавентураның Құдайға баратын адам туралы ойлары
30. Қайта өрлеу дәуіріндегі теология және антропологиялық бетбұрыс.
31. Реформация және реформация қарсы күрес дәуіріндегі католиктік антропология.
32. 19 - 20 ғасырдың басындағы теологиялық антропологиядағы модернизм
33. Протестанттық антропология принципі, мәні мен мақсаты
34. М. Лютердің антропологиялық көзқарастары
35. Ж. Кальвиннің антропологиялық көзқарастары
36. Протестанттық антропология: адамның өмірі, өлімі және өлмеуі
37. Орта ғасырдағы мұсылман философиясының ерекшеліктері мен бағыттары.
38. Қалам ілімі және ортағасырдағы беделді мектептері
39. Әл Кинди, Әл Ғазали философиясының маңыздылығы
40. Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасындағы философия және дін арасындағы қатынас мәні.
41. Әл-Ғазалидің сопылық дүниетанымы
42. Қазақ ойшылдардың антропологиялық көзқарасы туралы
43. Абай шығармашылығындағы адам мен Құдай мәселесі
44. Шәкәрімнің діни дүниетанымы
45. Қазақ ойшылдарының әлеуметтік-философиялық, гуманистік көзқарастары (А.Букейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, Ж. Ақпаев т.б.).
46. Теософия: әлемнің бейнесі, адам туралы ілім. Антропософия: адам туралы

- ілім, жоғары физикалық әлем, таным теориясы, негізгі өкілдері.
47. Агни –Йога синкреттік діни философия.
48.Қазақстандағы неохристиандық бірлестіктердегі адам мәселесі

Қолданылатын әдебиеттер тізімі

1. Дінтану. Оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [құраст. Н. Ж. Байтенова].- Алматы: Қазақ ун-ті, 2019.- 355
2. Рысбекова Ш. С., Борбасова Қ.М. Діни антропология. Алматы 2013.
3. Дінтану. Энциклопедиялық сөздік. 2 томдық, Алматы. Қазақ университеті. 2018
4. **Барнард, Алан.** Антропология тарихы мен теориясы [Мәтін] = History and Theory in Anthropology : [оқулық] / А. Барнард ; ауд. Ж. Жұмашова. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 240 б.
5. Фролова Е.А. История средневековой арабо-мусульманской философии. Учебное пособие. – М.: 1995.
6. **Армстронг, Карен.** Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс [Мәтін] = A History of God The 4000-year Quest of Judaism, Christianity and Islam : Құдайтану баяны : [монография] / К. Армстронг ; ауд. Д. Кенжетай [және т.б.]. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018.
7. Үнді философиясы тарихы. 2020. - Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 670 б.
8. Карл Ранер. Основание веры. Введение в христианское богословие. М. 2006
9. Никонов К.И. Религиозная антропология: христианское учение о человеке в историческом и современном контексте // Введение в общее религиоведение / Под ред. И.Н. Яблокова. – М.: Книжный дом «Университет», 2001
- 10.Костылев П.Н. О систематике религиозной антропологии // Антропологические конфигурации современной философии

Интернет-ресурсы: [://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1119943](http://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1119943)

- 1 religiocivilis.ru/hristianstvo/christ-a/1735-antropologija-religioznaja.,
antropogenez.ru/term/99, e.lib.vlsu.ru/bitstream/123456789/670